

М.Т. Мағзұмов

САЯСАТТАНУ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

М.Т. МАҒЗҰМОВ

САЯСАТТАНУ

Дәрістер курсы

жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған

оқу құралы

(толықтырылып екінші басылуы)

Өскемен

ШҚМУ Баспасы

2002

Пікір жазған:

**философия ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстан Республикасы Әлеуметтану ғылымдары
Академиясының академигі Қасабек А.Қ.**

Мағзұмов М.Т.

**Саясаттану: Оқу құралы. – Өскемен: ШҚМУ Баспасы, 2002. –
128 бет.**

ISBN 5-7667-8646-8

Дәрістер курсы бұрынырақ І.Жансүгіров атындағы мемлекеттік университетінде жарық көрген оқу құралының толықтырылып, қайта жазылған нұсқасы болып табылады (М.Т. Мағзұмов. Саясаттану. Дәрістер курсы. – Талдықорған, 1997).

Аталмыш оқу құралының бір ерекшелігі – онда қарастырылған дәрістердің барлығында дерлік қазақстандық материалдардың кеңінен пайдаланылғандығында.

Дәрістер курсы жоғары оқу орындарының оқытушыларына, студенттерге, аспиранттарға және жалпы саясаткерлерге арналған.

ISBN 5-7667-8646-8

© ШҚМУ Баспасы, 2002

АЛҒЫ СӨЗ

Қазіргі саяси кезеңнің даму сипаты жағынан сан алуан қырымен көрініп отырғандай, жоғарғы оқу орындарындағы оқытылатын пәндерге де енгізіліп жатқан өзгерістердің әрқилы болып келетіндігі белгілі. Қазақстан Республикасының және ТМД-ның басқа елдерінің қоғамдық қатынастардағы түбірлі өзгерістер өмірдің барлық бағыттарын, оның ішінде білім беру саласын да қамтуда.

Ендігі жағдайда қоғам өзгеріп, заман жаңғырып жатқан кезде бұрынғы қалыптасқан пікірлер мен көзқарастар қайта қаралып, оларға басқаша баға берілетіні табиғи заңды құбылыс. Аталған жағдайлар ұзақ жылдар бойы догмалық марксизмнің шеңберімен шектеліп келген әлеуметтану-гуманитарлық ғылымдарға да толығымен қатысты. Қазір осы бағытта оқытушылар мен студенттер қауымына көптеген келелі міндеттер жүктеліп отыр. Айтар болсақ, әлеуметтанымдық-гуманитарлық ғылымдар салаларымен шұғылданушылар үшін еркін шығармашылық ойға қолайлы жағдай жасалуда. Заман талабына және әлемдік тәжірибеге сәйкес студенттерге оқу жоспарына ене бастаған жаңа пәндердің кең жүйесін жасап ұсынуға мүмкіндіктер тууда.

Саясаттану - осындай пәндердің бірінен саналады. Бұрын ол өз алдына дербес пән ретінде оқылмағаны белгілі. Алайда оның кейбір тарауларына жататын мәселелер марксистік циклдағы пәндердің құрамына еніп, таптық-идеологиялық тұғырнама тұрғысынан қарастырылған болатын. Бұған сәйкес келмегендердің барлығы ғылыми мәні жоқ деп танылып, оқу үрдісіне енгізілмеді. Қазір саясаттану біртіндеп жоғарғы орнының сұранысына нақты жауап берерліктей жеке пән ретінде қалыптасуда. Үстіміздегі кезеңде көптеген жоғарғы оқу орындарында оқулықтардың жасалып жатқандығы да осы сұраныстарға байланысты.

Ұсынылып отырған дәрістер курсы соңғы жылдары Шығыс Қазақстан және Жетісу мемлекеттік университеттерінде оқылып келген дәрістердің негізінде қайта өңделіп екінші рет жарық көріп отырған оқулық.

Автор отандық саясаттанудың зерттеу ауқымына жататын ең басты деген проблемалық сұрақтарды тұтасымен қамтыдым деген ұғымнан мүлдем аулақ. Өйткені бас-аяғы 21 дәріске жинақталған бұл пәннің материалдарын түгелдей ашып көрсету мүмкін де емес. Ол болашақтың және бір емес бірнеше автордың ісі деп түсінуіміз керек.

Саясаттанудың дәрістер курсы студенттерге, аспи

Адамды саяси өмірге тартқанда саясаттанудың рөлі арта түседі. Өртүрлі қоғамдық ұйымдардың қызметі өзгерген сайын саясаттануды игерудің қажеттігі айқындала түседі. Мысалы, парламент депутаттарының қызметінің өзгеруі қазіргі уақытта көп мәселелерге өзгеше қарауды қажет етуде. Жариялылыққа, демократияға деген көзқараста да сондай өзгерістер қажет. Қоғамдағы соңғы жаңалықтарды білмеу көптеген адамдарға дұрыс саяси бағдар ұстауға кедергі жасайтыны да содан. Мұны кейбір саяси топтар пайдаланып кетуі мүмкін. Депутаттардың өздерінің ішінде саясаттанымдық білімдерінің жетіспей жататындары да бар. Сондықтан олардың саяси белсенділіктерінің кеміс түсетін сәттері жиі кездеседі. Саясаттану осы кемшіліктерді жоюға жәрдемдеседі.

Саясаттану теориялық - әдістемелік функция атқарады. Белгілі бір қоғамдық — экономикалық формацияның саяси режимін талдауды, баға беруді осы ілім арқылы жүзеге асыруға болады. Саясаттану саяси шындықты көрсететін пән болғандықтан ол саясатқа әсер ете алады.

Қоғамда қолданбалы, практикалық-саяси функция атқарады. Мемлекеттің заң актілерінің дұрыстығына саясаттанудың негізінде көз жеткізуге болады.

Саясаттануды саяси болжамдар жасауға да қолданады. Күні кешегі қайта құру процесінің кемшілігі де дәл осы саяси болжамның дер кезінде толық болмауының кесірінен еді. Экономикада, әлеуметтік салада, ұлтаралық қатынастарда, мемлекеттік құрылыста, рухани өмірде орын алған кемшіліктерге алдын-ала жасалған саяси болжам болғанда жол бермеуге болар еді.

басым көпшілігі либералдық-буржуазиялық позиция тұрғысынан жазылған. Сондықтан да олар марксизм-ленинизм іліміне біржақты сын көзбен қарайды. Ленинизмді таза орыстық құбылыс ретінде марксизмге қарсы қояды. Буржуазиялық тарихшылар Маркстің, Энгельстің, Лениннің көзқарастарын негативті тұрғыда Платонның, Аристотельдің, Руссоның, Гегельдің және басқаларын ілімдеріне қарсы қояды, авторитаримзді, тоталитаризмді айтпайды.

Тарихтағы идеялар таласын көргісі келмейді, ілімдердің нақты-тарихи нышандарын, оның әлеуметтік-тарихи шарттылығын және т.б. қасақана ескермейді. Нәтижесінде ілімдердің дамуы оларды туғызған рухани ахуалмен байланыстырылмайды. Болашақ тарихтағы алар ролін түсінудің қиындауы да содан келіп шығады. Адамдар жинақтаған ілімдердің нәтижесінде тарихтың ролі арта түсіп, оның қазіргі заманға тигізер ықпалы да күшейеді. Сондықтан, тарихтың, саясаттың бүтінгі таңда көкейтесті мәселеге айналатындығы белгілі. Оның тарихи болуы да сондықтан.

